



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№75
(2453)

Сәрсенбі
23 қыркүйек
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ МЕН КӨПІР ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан бірқатар инфрақұрылымдық жобалардың құрылысын аралап, нысандардағы жұмыстардың сапасы мен орындалу қарқынын бақылады.

Аудан басшысы алдымен аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16 шақырымындағы Сырдария өзені арқылы өтетін «Қарлаң» көпірінің құрылыс алаңында болды.

Қазіргі таңда көпірдің негізгі конструкциялық элементтерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 84 свай қағылып, 8 тіреу толық орнатылған. 8 ригельдің 7-еуі дайындалып, 1 ригельді орнату жұмыстары жүргізілуде.

Құрылыс алаңында 30 арнайы техника, 80 жұмысшы еңбек етуде. Сонымен қатар, көпірге кіреберіс автомобиль жолын асфальттау жұмыстары басталып кетті.

Аудан әкімі құрылыс ба-рысын жауапты сала басшылары, мердігер мекеме «Нұрлы Тау ЛТД» ЖШС-нің өкілдерімен бірге талқылап, нысандағы жұмыстардың сапа-



лы орындалуына, белгіленген мерзімнің сақталуына баса мән беруді тапсырды. Сонымен қатар, құрылыс қарқынын бәсеңдетпей, жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті.

Алмасбек Есмаханов Қожабақы аулы маңындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының 32,1 шақырымында орналасқан темірбетон көпірді қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Қазіргі уақытта мердігер «Гүлнұр МК» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Жаңа көпірдің ұзындығы 21,6 метр, жүру бөлігінің ені 7 метр. Құрылыс кезінде көлік қозғалысын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында ұзындығы 403 метр айналма жол ұйымдастырылған.

Аудан әкімі мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс жұмыстарының жобалық талаптарға сәйкес сапалы орындалуын қамтамасыз етуді және нысанды 10-ыншы қазанға дейін толық аяқтауды тапсырды.

Бұдан кейін аудан басшысы

Қазалы қаласындағы электр желілері мен қондырғыларын қайта жаңғырту жұмыстарының барысын бақылады. «Шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобаның жалпы құны 592,4 млн. теңгені құрайды.

Жоба кезең-кезеңімен іске асырылуда. 2024 жылы бөлінген қаржыға 185 дана темірбетон бағана орнатылып, 3 шақырым электр желісі жүргізілді. 2025 жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаржы толық игеріліп, 1052 дана темірбетон бағана, 30,5 шақырым электр желісі жүргізіліп, 2 дана трансформатор орнатылды. Ал, биыл жобаны толық аяқтау мақсатында бөлінген қаржыға сәйкес қазіргі таңда 9,8 шақырым электр желісін тарту, 4 дана трансформатор, 50 дана темірбетон бағана орнату жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі аталған нысанда атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын бақылап электр желілерін жаңғырту жобасының белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылуын тапсырды.

●Баспасөз - 2027

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ: ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШ-ТІЛЕКТЕРІ ТЫҢДАЛЫП, ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, азаматтардың өтініштері мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Қабылдауға келген 23 тұрғын аудан басшысына өздерін толғандырған мәселелерін айтып, олардың заңдылыққа сәйкес шешілуіне ықпал етуді сұрады.

Тұрғындар тарапынан негізінен тұрғын үй кезегі, тұрақты жұмысқа орналастыру, көшелерді асфальттау, түнгі жарықтандыру, жеке тұрғын үйлерге газ кіргізу, көпқабатты тұрғын үйдің шатырын жөндеу, жаяу жүргіншілер жолын салу мәселелері көтерілді.

Аудан әкімі әрбір өтінішті мұқият тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша тиісті түсініктемелер берді.

Сондай-ақ, азаматтардың өтініштерін жан-жақты зерделеп, заң талаптарына сәйкес шешу жолдарын қарастыру жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Атап айтқанда, Әйтеке би кентіндегі Мақатаев көшесін жарықтандыру жөніндегі тұрғынның өтінішіне орай кент әкімі мен аудандық электр тарату торабы мекемесінің басшысына нақты міндеттер жүктеліп, көшеге жарық шамдарын орнату мәселесін шешу тапсырылды.

Бұдан бөлек, аудан орталығындағы Жанқожа батыр көшесінің 3 шақырымындағы жаяу жүргіншілер жолын салу жөніндегі өтінішке орай аудан әкімі аталған аумаққа өзі барып, жағдайды зерделейтінін айтты.

Жұмысқа орналасу мәселесін көтерген азаматтарға қазіргі уақытта бар бос жұмыс орындары таныстырылып, мамандықтарына сәйкес қолайлы жұмыс орындары болған жағдайда жұмысқа орналасуға бағыт-бағдар берілетіні түсіндірілді. Осы ретте жауапты сала басшыларына жұмыс іздеуші азаматтармен тиісті жұмыстар жүргізіп, олардың өтініштерін заңдылыққа сәйкес қарау тапсырылды.

Аудан әкімі тұрғындардың өтініштері назардан тыс қалмайтынын айтып, әр мәселе бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ БАС ИМАМЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы ауданына арнайы жұмыс сапарымен келген Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаевпен кездесті.

Кездесуде облыстың бас имамы аудандағы діни ахуалдың тұрақты екенін атап өтіп, осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Қазалы аудандық орталық «Жанқожа батыр» мешітінің жаңа бас имамы Ешмаханов Рүстем Айтбайұлын аудан басшысына таныстырды.

Жиында аудан әкімі Қазалы ауданындағы діни ахуалдың тұрақты қалыптасуына мешіт қызметкерлерінің, имамдардың және аудан халқының қосып келе жатқан үлесі зор екенін атап өтті.

– Қазалы ауданында діни ахуал тұрақты. Бұл бағыттағы жұмыстардың



жүйелі жүргізілуінде мешіт имамдарының еңбегі айрықша. Дін мен дәстүрді сабақтастыра отырып, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, қоғамда татулық пен өзара сыйластықты нығайту – аса маңызды міндет. Осы ретте Нұрдәулет Асқарұлының аудандық орталық мешітке бас имамдық қызмет атқарған кезеңіндегі еңбегін ерекше атап өткен жөн. Төрт жылға жуық уақыт ішінде ауданның

рухани өміріне белсенді араласып, діни-ағартушылық бағытта бірқатар жұмыстар атқарды. Сондықтан аудан жұртшылығының және өз атымнан Сізге шынайы алғысымды білдіремін, – деді аудан әкімі.

Кездесуде аудан әкімі бұған дейін ауданның бас имамы қызметін атқарып келген Нұрдәулет Асқарұлына ауданның ең жоғары наградасы – Қазалы ауданының Құрмет грамота-

сы мен естелік сыйлық табыстады.

Аудан басшысы жаңа бас имам Рүстем Ешмахановқа үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғанын айтып, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Өз кезегінде облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев жаңа бас имам Рүстем Айтбайұлына аудан басшылығымен және мешіт жамағатымен бірлесе жұмыс істеп, ел бірлігі мен қоғам тұрақтылығын нығайтуға бағытталған игі істерді жалғастыратындығына сенім білдірді.

Айта кетейік, Қазалы аудандық орталық «Жанқожа батыр» мешітінің жаңа бас имамы қызметіне тағайындалып жатқан Ешмаханов Рүстем Айтбайұлы бұған дейін Қазалы қалалық «Мірәлім» мешітінде имам, сондай-ақ, аудандық «Жанқожа батыр» мешітінде наиб имам қызметтерін атқарып келген болатын.

АУДАН ӘКІМІ ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТҰҚЫМБАҚТЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы қаласындағы «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалының жұмысымен танысты.

«Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалы 2011 жылы пайдалануға берілген. Тұқымбаққа бұрынғы «Ояз бағы» аталған орман қоры аумағынан 32 гектар жер бөлінген. Мұнда Арал теңізінің құрғаған ұлтанына отырғызылатын қара сексеуіл көшеттерімен қатар, өңірдің табиғи-климаттық

жағдайына бейімделген түрлі сәндік және жеміс ағаштарының көшеттері өсіріледі.

Қазіргі таңда филиалда қара сексеуіл, айлант, сумах, шығыс биотасы, кәдімгі өрік, қармала (гледичия), катальпа, үйеңкі, жіңішке жапырақты жиде, терек түрлері өсірілуде.

2025 жылдың күзінде 3,33 гектар аумаққа қара сексеуіл тұқымы себілген. Қазіргі таңда аталған аумақта 1 миллионнан астам сексеуіл көшеті өсіп тұр. Биыл күзде тұқымбақтың 5 гектар жеріне сексеуіл көшетін егу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қазалы

ауданының елді мекендерін көгалдандыру мақсатында терек, үйеңкі, жиде, катальпа, шаған, шығыс биотасы, қармала, айлант, өрік, басқа да ағаш көшеттері дайындалады. Теректің әртүрлі сорттарын көбейту үшін 0,25 гектар аналық плантация ұйымдастырылған. Тұқымбақтың материалдық-техникалық базасы нығайтылған. Мұнда көшеттерді өсіру және күтіп-баптау жұмыстарына қажетті арнайы техникалар бар.

Биыл тұқымбақ филиалының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нысанды жаңғырту жұмыстарына 121

млн. теңге қаржы бөлініп, мердігер «Намыс-Құрылыс» ЖШС тарапынан тиісті жұмыстар атқарылды.

Аудан әкімі алдағы уақытта тұқымбаққа тиісті қолдау көрсетілетінін айтып, мұнда өсірілетін ағаш көшеттерін аудан елді мекендерін көгалдандыру бағытында тиімді пайдалануда бірлескен жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. Сонымен қатар, ұжымның атқарған жұмыстарына сәттілік тілеп, алдағы жоспарларының нәтижелі жүзеге асуына тілектестік білдірді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

МӘЖІЛІСТЕ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ МЕН БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы барысында берген тапсырмаларының өңірде орындалуына және бірқатар өзекті мәселелерге арналған мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімі арнайы әкімдік мәжілісін өткізіп, тиісті сала басшыларына аймақ басшысының тапсырмаларына сәйкес нақты міндеттер жүктеді.

Мәжілісте ең алдымен әлеуметтік көмек көрсету мәселесі қаралды. Ауданда соңғы төрт жылда атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 80,4 пайызға төмендеп, 1025 адамнан 793 адамға дейін азайған. Нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен 44,4 млн. теңге үнемделген. «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесіндегі «А» және «В» санаттарына енгізілген 2 504 азаматтың әлеуметтік жағдайы зерделенген.

Аудан әкімі атаулы әлеуметтік көмек алушылардың нақты мұқтаждығын тұрақты түрде зерделеуді, әлеуметтік қолдаудың шын мәнінде көмекке мұқтаж азаматтарға бағытталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекске

енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жөнінде халық арасында кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді міндеттеді.

Денсаулық сақтау саласы бойынша

Мемлекет басшысының ауыр науқас балаларға тегін медициналық көмек көрсету, есту қабілеті бұзылған балаларды қабілетті құрылғылармен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмалары талқыланды.

Аудан басшысы «Қазақстан халқына» қорымен әріптестік бағыттағы жұмыстарды күшейтуді, облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы аудан тұрғындарына қажетті дәрілік заттарға қаржылай қолдау алу мәселесін пысықтауды тапсырды. Сонымен бірге балаларға арналған есту аппараттары мен аудиопроцессорларды уақытылы қаржыландыру және сатып алу жұмыстарын қамтамасыз ету, тұрғындарға тегін медициналық көмектің көлемі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту жөнінде жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеді.

Жиында жаңа оқу жылында оқушыларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету мәселесі де қаралды. Биыл аудан бойынша 8 353 бала ыстық тамақпен қамтылса, бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 1,1 млрд. теңге бөлінген. Бұдан бөлек,

4 931 оқушыға 250 млн. теңге көлемінде бір реттік қаржылай көмек көрсетілген.

Аудан әкімі білім беру ұйымдарындағы тамақтанудың сапасын тұрақты бақылауды тапсырды. Осы бағытта ата-аналар мен медицина мамандары қатысатын комиссиялардың жұмысын күшейту, «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесі арқылы бақылауды жолға қою және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен бірлесіп кешенді жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті. Білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік, материалдық-техникалық база және оқушыларға қолайлы жағдай жасау мәселелері де басты назарда болуы тиіс екенін айтты.

Мәжілісте экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне де ерекше мән берілді. Мемлекет басшысының жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру және Ұлттық тазалық стандартын әзірлеу жөніндегі тапсырмаларына сәйкес аудан көлемінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Қоғамдық тәртіп пен вандализмнің алдын алу мәселесі де назардан тыс қалмады. Мемлекет басшысы қоғамдық орындарды бүлдіруге, оның ішінде ғимараттар мен нысандарға заңсыз жазу жазуға жол бермеу қажеттігін атап өткен

болатын. Аудан әкімі аудан аумағында да орын алған осындай фактілердің алдын алу бойынша жұмысты күшейтуді міндеттеді.

Құрылыс саласындағы нысандардың сапасы мен құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзімде аяқталуы талқыланды. Құрылысы жүріп жатқан әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасына тұрақты бақылау жүргізіп, құрылыс жұмыстарының белгіленген талаптарға сәйкес орындалуын және нысандардың уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиында жол құрылысының сапасы да күн тәртібінен түскен жоқ. Қазіргі таңда Әйтеке би кентіндегі айналма жолдардың құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, алдағы жылы аудан бойынша жалпы құны 3,6 млрд. теңгені құрайтын 24 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Осыған байланысты аудан әкімі жол құрылыстарының сапалы жүргізілуін, құрылыс мерзімдерінің сақталуын және жобалардың уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Мәжіліс соңында аудан әкімі жауапты сала басшыларына берілген тапсырмалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды, әрбір бағыт бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

МАҚСАТЫ АЙҚЫН ӘБІЛҒАЗЫ АЙМАҒАНБЕТҰЛЫ

«Аранды» ауылдық округінің дамуына бірнеше жылдан бері үлес қосып, ауылдың тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан азамат Томаев Әбілғазы Аймағанбетұлының еңбегі ерекше. Ол ауылдың әлеуметтік ахуалын жақсартып, қызметте жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен, елдің мүддесін бөрінен биік қойған, айбатты азамат. Жас кезінен осы ауылда жұмыс істеп, қажырлы қайраты мен ынтасының арқасында, абыройы асқақтаған жан. Нағыз азамат — өз мүддесінен ел мүддесін биік қоятын, сөзі мен ісі бір жерден шығатын тұлға.

Ел сеніміне ие болу — үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Ондай азамат туған жеріне, Отанына деген адалдығымен ерекшеленеді. Отансүйгіштік тек ұрандату емес, күнделікті тірлікте елдің дамуына, айналасындағы адамдардың игілігіне үлес қосу. Әбілғазы Аймағанбетұлының басты қағидасы.

Халық ешқашан жалғандық пен екіжүзділікті кешірмейді. Сондықтан ел сеніміне лайық азаматтың басты қаруы — адалдық пен әділдік.

Оның ішкі мәдениеті, адамдармен қарым-қатынасы, қиын сәтте қол ұшын созуға дайын тұруы — нағыз азаматтық сипаттар. Иmandылық, кішіпейілділік, парасаттылық сияқты асыл қасиеттер Әбілғазының тұлғалық бейнесін толықтыра түседі.

Бүгінгі жаһандану заманында ел сеніміне лайық азамат тек жақсы адам болумен шектелмейді. Ол — заман талабына сай жан-жақты дамыған, білімді, жаңашыл тұлға. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көріп қана қоймай, оны шешудің жолдарын ұсына алатын, соңынан елді ерте білетін көшбасшылық қасиеті бар жан. Оның әрбір бастамасы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, елдің әлеуетін арттыруға бағытталады. Әрдайым ауыл халқының жанынан табылатын жан.

«Ер — елдің қорғаны, ел — ердің қорғаны» дейді дана халқымыз. Әрбір қазақстандық өз елінің адал перзенті болуға ұмтылып, қоғамға пайдасын тигізсе, мемлекетіміздің болашағы бұдан да жарқын болмақ. Елдің сенімін ақтау — әрбір саналы азаматтың өмірлік мұраты бо-

луы тиіс. Әбілғазы Томаев әкім болып сайланып, қызмет атқарған жылдардан бері «Аранды», Қожабақы ауылдарының көшелері жарықтандырылып, асфальтталуда. Ауыл жарқырап, халық көңіліне серпіліс берді. Қожабақы ауылының орталығынан балаларға арналған демалыс орны ретінде орталық саябақ салынды. Бұл аулымыздың сәнін келтіріп, халық шоғырланатын, мерекелік іс-шаралар өткізілетін, кешкілік демалыс орнына айналды. Қожабақы ауылының орталығынан жаңа спорт кешені ашылып, ауыл тұрғындарына сәлауатты өмір салтын ұстануға жол ашып, қаншама ауыл тұрғынына жұмыс көзі ашылды. «Аранды» аулынан жаңадан мешіт құрылысы салынып, тұрғындарға демеу болды. «Аранды» ауылының айбатын келтірген жаңа саябақ құрылысы үшін қаншама еңбек атқарылды. Су арналары мен каналдарды тазалау, ауылды көркейту, көгалдандыру жұмыстары ұдайы назардан тыс қалған емес. Тұрғындардың кәсіппен айналысуына қолайлы жағдайлар жасалып, жеңілдетілген несие алуына қол

жеткізілді. Ауылда осы басшының демеуімен кәсіптерін дөңгелетіп отырған кәсіпкерлерде баршылық. Осындай игі бастамаларға басшылық жасап, әрдайым халықты қолдай білген азаматты халықта нық сеніммен қолдайды деп сенім артамыз.

Әбілғазы Томаевтың сайлау алды бағдарламасында автомобиль жолын жөндеу, скважина қаздыру, заманауи балабақша, әкімшілік салдыру, каналдарды тазалау, мал жайылымын кеңейту, жұмыс орындарын ашу, тағы басқа да игілікті істерді атқару көзделген.

Қазаны оттан, азаматы аттан түспеген, топырағы тың, шөбі жусан, желі майса құтты мекен болып саналатын «Аранды» мен Қожабақының дамуына өз үлесін қосатын айбынды азамат Томаев Әбілғазы Аймағанбетұлына қолдау білдіріп, дауыс беруге шақырамын.

**Каламқас САБИТОВА ,
Томаев Абилгазы
Аймағанбетовичтың
сенімді өкілі.
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді**

ОНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ — ХАЛЫҚҚА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Елдің ертеңі – айқын мақсат пен нақты іске байланысты. Әкім сайлауы – белгілі бір лауазымды таңдау ғана емес, туған өлкенің болашағына жауапты азаматты анықтайтын маңызды кезең. Осындай жауапкершілікті терең сезінетін, елдің мұң-мұқтажын жүрегімен түсінетін азаматтардың бірі – әкімдікке кандидат Курманбаев Дауренбек Ерназарович.

Курманбаев Дауренбек Ерназарович елмен етене араласып, халықтың талап-тілегін тыңдай білетін, мәселені сөзбен емес, нақты іспен шешуге ұмтылатын азамат. Оның басты ұстанымы халыққа адал қызмет ету, әр бастаманы ел игілігіне бағыттау және ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беру.

Кандидаттың алға қойған мақсаты айқын. Ол ең алдымен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруды көздейді. Жолдардың жағдайын

жақсарту, халықты ауызсумен қамту мәселесін шешу, елді мекендерді абаттандыру, көшелерді жарықтандыру және қоғамдық инфрақұрылымды дамыту негізгі басымдықтардың қатарында.

Әсіресе, жастар мәселесіне ерекше көңіл бөлу маңызды міндеттердің бірі. Жастардың сапалы білім алуына, спортпен айналысуына, шығармашылықпен шұғылданыуына, кәсіп бастауына мүмкіндік жасау қажет. Осы бағытта жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті қолдау, жастардың бастамаларына жол ашу қоғамның тұрақты дамуына негіз болады.

Ауылдың өркендеуі – ең алдымен еңбекке, бірлікке және тиімді басқаруға байланысты. Курманбаев Дауренбек Ерназарович тұрғындармен ашық диалог орнатып, әрбір мәселені бірлесіп шешуді ұсынады. Оның пікірінше, халықтың ұсынысы

ескерілмейінше, нәтижелі жұмыс болмайды. Сондықтан қоғамдық тыңдауларды тұрақты өткізу, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын жедел қарау, атқарылған жұмыстар туралы ашық есеп беру басты қағидалардың бірі.

К а н д и д а т т ы ң бағдарламасында әлеуметтік қолдауды күшейтуге басымдық берілген. Көпбалалы отбасыларға, ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға қамқорлық көрсету кез келген елді мекеннің адамгершілік өлшемі. Бұл бағытта қолданыстағы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, мұқтаж жандарға нақты көмек көрсету көзделіп отыр.

Туған жердің дамуы – баршаға ортақ міндет. Ал оны жүйелі түрде жүзеге асыру үшін тәжірибелі, іскер, жауапкершілігі жоғары басшы қажет.

Курманбаев Дауренбек Ерна-

зарович елдің сенімін ақтауға, халықпен бірге жұмыс істеуге және әрбір бастаманы нақты нәтижеге жеткізуге дайын.

Бүгінгі таңда тұрғындарға құр уәде емес, нақты жоспар мен жүйелі жұмыс керек. Елдің сенімін арқалаған әкім халықтың сөзін тыңдап қана қоймай, оның шешімін табуға бар күшін салуы тиіс. Курманбаев Дауренбек Ерназарович осы жауапкершілікті сезінеді. Оның мақсаты – елді мекенді өркендету, халықтың әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпаққа жайлы орта қалыптастыру.

Алға қойған мақсаты айқын, елге қызмет етуге ниеті берік кандидат – халық сеніміне лайық таңдау.

**Айдана ТӘППЕТ,
Курманбаев Дауренбек
Ерназаровичтың
сенімді өкілі.
Қаржысы облыс
бюджетінің қаражатынан
төленді**

СӨЗІНЕ НЫҚ АЗАМАТ

Тлеужанов Жанболат Қойшыбаевич «Бөзкөл» аулының тумасы. Жоғары білімді, еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласында бастап, мемлекеттік қызметте мол тәжірибе жинақтаған азамат. 1991 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетіне оқуға түсіп, 1996 жылы аталған оқу орнын «Зоотехния» мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолын «Өркендеу» шаруа қожалығында зоотехник болып бастап, ауыл шаруашылығы саласының қыр-сырын меңгерді. 1999-2001 жылдары Қазалы қаласындағы №16 аралас мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Ұстаздық қызметінде жас ұрпаққа білім беріп қана қоймай, оларды жауапкершілікке, тәртіпке және отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлес қосты. 2006-2007 жылдары Қазалы аудандық статистика бөлімі бастығының

санақ жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Бұл кезеңде ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілік қасиеттерін іс жүзінде шыңдай түсті.

Білімін жетілдіруді де назардан тыс қалдырған жоқ. 2007-2009 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде білім алып, экономика бакалавры мамандығын иеленді. Осылайша ауыл шаруашылығы саласындағы алғашқы кәсіби біліміне экономикалық бағыттағы білімін қосты.

2009 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында «Майлыбас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман қызметін атқарды. Кейінгі еңбек жолы жергілікті мемлекеттік басқару саласымен тығыз байланыста өрбіді. 2015 жылдың қараша айынан 2020 жылдың тамыз айына дейін «Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарды. Ал 2020 жылдың тамыз айынан бері «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарып келеді.

Бірнеше салада еңбек етіп, түрлі қызметтерді атқару барысында жинақтаған тәжірибесі оның кәсіби көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Ауыл шаруашылығы, білім беру, статистика, экономика және жергілікті мемлекеттік басқару салаларындағы еңбек жолы әр кезеңде жаңа міндеттерді меңгеріп, жауапкершілікті сезіне білудің көрінісі.

Туған жері «Бөзкөл» аулынан басталған өмір жолы бүгінде «Өркендеу» ауылда жалғасып келеді. Ауылдың тыныс-тіршілігін, тұрғындардың күнделікті мәселелерін және жергілікті жердегі мемлекеттік басқару жұмысының ерекшеліктерін кәсіби қызметі арқылы жақсы меңгерген.

Әкім сайлауына кандидат ретінде Тлеужанов Жанболат Қойшыбаевич өзінің білімі мен көпжылдық еңбек тәжірибесін алдағы қызмет бағыттарында пайдалануды көздейді. Оның сайлауалды бағдарламасында ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту, елді мекеннің инфрақұрылымын дамыту, абаттандыру, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерімен жұмыс істеу, басқа да жергілікті мәселелер қамтылған.

Жанболат Қойшыбаевичтің еңбек жолына көз жүгіртсек, оның кәсіби қалыптасуы бір күнде емес, жылдар бойы әр салада жинақталған тәжірибе арқылы қалыптасқанын көруге болады.

Сөзге беріктік, іске жауапкершілік, елге қызмет ету – азаматтық ұстанымның негізі.

**Сұңғат ҚҰМАЙ,
Тлеужанов Жанболат
Қойшыбаевичтың
сенімді өкілі.
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді**

● Хабарландыру

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылдың III – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төрмұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.